

АҚМЕШТ жастары

6+



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жаннан қымбат оларға ер,
Мен жастарға сенемін.

Мағжан



№ 32 (465)
11 тамыз, 2022 жыл

12 ТАМЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІ

ЖАСТАР - БАСТЫ КАПИТАЛ

Қай елдің болмасын басты капиталы – жастар. Тарих тағдыры, ел дамуы мен модернизация осы қозғаушы күшке байланысты. Қуантағыны, замандастарымыздың ойы еркін, рухы азат, болмысы бөлек. Қоғамдық шарада белсенді. Олардың шығармашылығын дамытуға, кәсіпкерлікте шыңдап, біліммен биікті бағындыруына күш салынып келеді. Соның арқасында жаңашыл жастар жаңаша бағыттағы жобаларды жүзеге асырып, көңіл қуантады. Солардың бірқатарын тарқатып айтамыз.



Бүгінде ең маңызды мәселенің бірі – жастар санатын анықтау мақсатында әдресті зерттеу жұмыстары жүргізілген. NEET санатындағы жастардың санын азайту, оларды оқу, әлеуметтендіру, кәсіпкерлікке баулу секілді бағыт бойынша тиісті салаларға ұсыныс берілген. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендетуде облыстық деңгейде қолға алынған «Мүмкіндіктер керуені» шарасының маңызы мол. Сонымен қатар биыл облыстық жастар қоғамдық кеңесі құрылғанын айту керек. Кеңес құрамына облыстық, қалалық мәслихат депутаттары, «Ауған-Төжік» соғысының ардагерлері,

ерекше жандар, қоғам белсенділері, әрбір ауданның белсенді жастар өкілдері енді. Мұнда салаға қатысты өзекті мәселелер талқыланып, механизмдер айқындалады. Деректерге сүйенсек, қазіргі таңда тиісті органдармен, құрылымдармен салааралық байланыс күшеюде. Ендігі кезекте жастардың сұранысына, оларды қандай дүние қызықтыратынына тоқталсақ. Қазір жастардың талабы жоғары. Олар тіл үйрену, жаныны менгеру арқылы болашаққа батыл қадамдар жасауда. Келешектің кәсібі – IT-де өзін қалыптастырысы келетіндер және бизнестен өзін табуға талпынғандар көп. Бұл ретте идеяны ілкімке айналдыруға мүмкіндік мол. Әсіресе, бизнеске енді қадам басқан жастардың тәжірибелі маманнан кеңес алып, нәтижеге жетуіне жағдай жасалған. Жастарға арналған контенттерді

дамыту да назардан түскен емес. – «Биыл «Жас ғалым – 2022» шарасы, жастардың бос уақытын тиімді пайдалану және әлеуметтендіру бойынша аула клубтарын ашу, «Bastan» бизнес лагері, «Invest Orda» облыстық бизнес жобалар байқауы, жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру, «Техноқраттық қоғам» жобалары мен байқоуы қаласындағы жастардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында коворкинг орталығын ашу жұмыстары іске асуда. Сондай-ақ облыстық «Жастар ресурстық орталығы» ғимаратында жастарға, жасөспірімдерге арналған үйірмелер іске қосылған. Кәсіпкерлік бойынша жастар облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы, «Атамекен» кәсіпкерлерді қолдау ҰП облыстық филиалы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ тарапынан түрлі мүмкіндіктер, гранттар жайлы біле алады. Жастардың «Куз-Лорда Business Hub» облыстық стартап жобалар байқауында да

жаруы өз қолында, – дейді мамандар. Бұдан бөлек жастардың психологиялық кеңес алуы, экологиялық сауатын арттыру бағытындағы мазмұнды шаралар, жастардың білімін шыңдайтын білім бөлекелері, байқаулар жүйелі ұйымдастырылуда. Шағарм айтқан қадамдық борышын, халқына еңбек қыл. Осы сөздерді тұмар еткен жастардың игі істерде де қолтаңбасы бар. Себебі өңірде бұл қозғалыс ерекше қарыммен дамыды, еріктілер қималы жаңа демеу болып, ауқымды істердің басы-қасынан табылды. Оның үстіне волонтерлардың көбі осы жастар санатынан. Ерікті түрде волонтер атану да жастардың таңдауы, солардың ынтыасы. Олар бұл шараларға өз қалауымен ғана қатысады. Бұл – еріктілікке ынталандыру, волонтерлік мәдениет туралы таным-түсінікті толық қалыптасқанының нәтижесі. Тың жобалары арқылы жаңалық әкелуді ойлайтын біздің жастар – өз қабілет пен мәдениетке, төл тарихты тануға ұмтылыс жасауға, еңбегімен ерекшеленіп, креативтілігімен көзге түсуге, Абайша айтсақ, халықтың қажетіне жарар бір кірпіш болып қалынуға асық. Жасайды қарындағанын осы жастардың атаулы мерекесі де таяп қалды. 12 тамыз – Халықаралық

жастар күніне орай олар маңызды апта айықтап, қоғамға пайдалы шаралар ұйымдастыруды жөн санаған. – Алта болы ұйымдастырылатын мерекелік шараларды әр күні әртүрлі атаумен өткізуді шешті. Атап айтсақ, 5 тамыз – «Жастар апталығының» ашылу күні, 6 тамыз – «Экономикалық дамыту күні», 7 тамыз – «Таланттар күні», 8 тамыз – «Еңбек күні», 9 тамыз – «Балаларға қуаныш сыйлау күні», 10 тамыз – «OPEN AIR», 11 тамыз – «Спорт күні», 12 тамыз – «Мүмкіндіктер және инновациялық идеялар күні» болып белгіленді. Бұл атаулы күндердің барлығы жастардың рухани азық алуына және салауатты өмір салпын қалыптастыруға арналған. Бұдан бөлек, облыстық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен «Кинотайм», «ЖазғыFEST», «Бір толқын», «TabooArt», «Мінбер» сынды мәдени-көпшілік шаралары өткізіледі. Барлық сиробиылық жастарды мерекелі шаралардың белсенді қатысушысы болуға шақырамыз! – дейді облыстық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Мақсат Дәуылбай. Еңдеше, сыңа сағы сынбайтын, өресі биік, рухы мықты жастар, мерекелеріңіз құтты болсын! Күнтізбегізде ерекше мерекені ашықты етіп өткізуде өз қолыңызда!

Мәлімдір ШНАДИН

Интернет-әлемнің өз заңы, ұстанымы бар. Жоғары технология адамзаттың ажырамас бөлшегіне айналғалы саладағы алгоритм күрделене түсті. Мүдделер қақтығысы, геосаяси тектірестер те салаға дендей өніп, қоғам қауіпсіздігіне нұқсан келтіруде. Осы орайда кәсіпкер, IT-маман Сәкен Кенжебеков пікір алмасып, киберкеңестік турасында аз-кем сұхбат құрған едік.









– Бүгінде кибершабуыл фантастикалық фильмдегі сюжет емес, шыншай өмірдегі қауіпті қаруға айналды. Әкім хакер кез келген электронды жүйенің құл-паршасын шығарып, қалауынша пайдалануға қауқарлы. Бұл тұрғыда мысал ретінде Ресей мен Украина арасындағы киберқақтығысты атасақ та жеткілікті. Сіздің ойыңызша, кибершабуылды тойтарыға Қазақстанның IT әлеуеті жете ме?

– Қазіргі таңда түрлі координацияның сайтына, көптеген елдің мемлекеттік порталына кибершабуыл жасалғанын естіп жүрміз. Ең жарқын мысал – Ресей саясаткері Дмитрий Медведевтің «ВКонтакте» әлеуметтік желісіндегі аккаунтының бұзылуы. Сондықтан киберкеңестіктің шабуылды жоққа шығара алмайсыз. Дегенмен, ескеру қажет жайт бар. Ауқымды жүйеге шабуыл жасау кез келген хакердің қолынан келетін іс емес. Дүниежүзінде мұндай нәтижеге қол жеткізе

алатын өте білімді әрі білікті IT-маман саусақпен санарлық. Олар да арнайы тапсырыс шеңберінде ірі компания, маңызды мемлекеттік мекеме сайтын, банк есепшотын нысанаға алады. Қорғану әлеуетіне келсек, киберқауіптен 100 процент қорғалған ел де, компания да жоқ. Небір күрделі жүйенің өз сыр беріп, қарсы тараптың құралына айналғанына куә болудамыз. Алайда алдын алу шарасын жасау кезек күттірмейтін қадам.

Бұл орайда Қазақстандағы мемлекеттік мекемелерге интернет желісі өзіндік тәртіптен, бақылаудағы жүйелімен берілуде. Сол арқылы қызметкерлердің жаңысыз сайттарға кіруі теңелді. Себебі жаңысыз сайттар персоналды компьютердегі ақпаратты ұлтырма, вирус тасымалдауға тартпайрас құрал. – Бірінше жыл бұрын Facebook әлеуметтік желісі 1,5 миллиард қолданушының құпия дерегін сыртқа шығарып алды. Оқиғадан соң

«ЕШІР ЕЛ ТОЛЫҚ ҚАУІПСІЗ ЕМЕС»



олқылықты мойнымен көтеріп, жауапкершілік арқалаған бағдарлама өкілін көрмедік. Қалтафон мен компьютерге тәуелді қоғам желідегі қауіпсіздікті қалай қадағалауы қажет? – Дұрыс айтсаңыз. Бірінше мәрте Facebook әлеуметтік желісіндегі келендісіздікті байқадық. Бұл тек аталған әлеуметтік желіге ғана оспалық емес. Мәселен, Қазақстанда да азаматтардың жеке дерегінің әлеуметтік желіге тараған оқиғасын

білеміз. Жоғарыда айтып өткенімдей, ешбір жүйе толық қорғалмағандықтан, әлеуметтік желі иелері жеке ақпараттың сақталуына жауап бермейді. Жеке дерек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолы ап-айқын. Ол үшін күдікті сілтемені беліспесу, құпия фотосуреттерді «Google drive», «Яндекс Диск», «Облако Mail.ru» жүйесіне сақтамаған жөн. Әсіресе, қыркылық құжаттарға сақ болу артық етпейді. Себебі

олқылықтың дені адамдардың салғырттығынан туындауда. Қолданушыларды білместікпен желіге жариялаған жеке басты растайтын құжатты аяқтар сол азаматтардың атына несие рәсімдеуге пайдалануы мүмкін. Демек, ең басты қорғаныс – сақ болу. – Әрине, рационалды ойлауға беіміз. Алайда АҚШ-тың бұрынғы арнайы агенті, информатика саласының білгірі Эдуард Сноуденнің «технологияның көмегімен әлемдік бақылау қойылған» деген тұжырымы үнемі ойға жетелейді. Тіпті, атышулы үндеуден соң ұялы телефон мен компьютердегі бейнекамераны бүркеуді әдетке айналдырған жас көбейді. IT-маман ретінде аталған тұжырымға объективті баға бере аласыз ба?

– Расында жаңа, қарапайым адам үшін мұндай тұжырым күлкілі көрінуі ықтимал. Десе де, бұл пікірге ежіқақты қарау дұрыс. «Технологияның көмегімен әлемдік бақылау» 7 миллиард адамның телефоны мен компьютеріне қосылып, үнемі қадағалау деген сөз емес. Яғни, пікірді тікелей түсінбеу қажет. Мысалы, Google-ді күнделікті қолданамыз. Керекті әрі мазаланған сауатты жауабын сол жүйе арқылы анықтаймыз. Бірі «iPhone 13-ті қайдан алсам болады?» десе, енді бірі «Қай мемлекетте қатерлі ісікті емдейді?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Міне, Google-дағы жасанды интеллект мәліметті саралап, халықтың тұрмысындағы қажеттілік пен өзгеріс дерегін коммерциялық мақсаттағы ақпарат етіп азірлейді. Ал өз кезегінде ірі компаниялар ол ақпараттарды маркетинг саясатына қолданады. Қарапайым тілмен айтқанда,

«Айфон» сұраған өңірге ұялы телефон сатуды күшейтіп, «қатерлі ісік» туралы ақпарат іздеген аймақта тиісті медициналық қызмет жарнамасын ұлтайтады. Эдуард Сноуденнің тұжырымының екінші тұсы шындыққа жақында. Бұған дейін де компьютер, смартфонның микрофоны арқылы тың қылауы мүмкіндік беретін вирус, троян туралы айтылып келеді. Демек, бұл тұжырымды түбегейлі жоққа шығаруға да болмайды. Алайда аталған пікір дүрліуге себеп емес. Қарапайым халықта халықаралық қауіпсіздікті шайқайтын дерек болмайтын ескерсек, аландау орынсыз.

– Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусиннің Сыр еліне сапары кезінде шалғай ауыл-аймаққа интернет жеткізу жолына қатысты идея айтқан екеніміз. Ол жобаның ерекшелігі неде? – Министр Бағдат Мусинге шалғай ауылдарға интернет желісін жеткізу туралы идея айтқанымыз рас. Соңғы деректерге сүйенсек, облыс көлемінде 60-70 елді мекенге интернет желісі жетпеген. Министрліктің ұсынысы бойынша Starlink, OneWeb секілді аймақ интернет жерсерігін аймаққа әкелу қажет. Әрине, әлемдік интернет жерсерігін пайдалану қызметінің құны қымбат, тарифі жоғары. Министрге шалғай елді мекендерге аталған интернет жүйесін біз секілді елшіңізден ақпарат іздейді. Операторлардың қолдауымен жүргізу ұсынылды. Бұл бір күнде шешілетін мәселе емес. Білкіпен бірлесу атарылатын іс.

– Әлгімізге рақмет! Сұхбаттасқан Еркін ШАМШАДИН

КӨМЕК БАР...

Сыр өңірінде солтүстік облыстарға баруға ниет білдірген азаматтар қатары жыл санап көбіе түскен. Статистикаға сүйенсек, біздің өңір халқының дені Павлодар мен Қостанай облыстарына қоныс аударған.

Мысалы, биылғы жылдың 1 мамырына дейінгі мәліметті ақтарсақ, 47 отбасы қоныс аудару көрсеткісіне енгізілген. Отбасы құрамында 80 адам бар. Оның ішінде 20 отбасы Қостанай, 27 отбасы Павлодар облысына көшуге ынтылы. Жалпы жоғарыда сөз еткен нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асқанына биыл бесінші жылға жуықтады. Осы кезге дейін Сырдария Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласына 6 отбасы (құрамында 22 адам) қоныс аударса, солтүстік өңірлерге 735 қызылордалық отбасы қоныстанған. Олардың құрамында барлығы 1977 адам бар.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Жанар Дәулетбаевадан солтүстікке көшуге ынтылас бар тұрғындарға қандай көмек көрсетілетінін білдік.

– Қоныс аударушыларға мемлекет тарапынан көмек көрсетіледі. Көшуге байланысты субсидия бір рет отбасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (222 600 теңге) мөлшерінде беріледі. Ал тұрғын үйді жалға алу және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар жыл бойына ай сайын беріледі. Мәселен, қалалық жерлерге қоныс аударғандар бір адам үшін 20 АЕК (63600 теңге) мөлшерінде қаржы беріледі, ол отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса, 25 АЕК (79500 теңге) мөлшерінде болады. Сондай-ақ, отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде

30 АЕК (95400 теңге) мөлшерінде төленеді. Ауылдық жерлерге қоныс аударған бір адам үшін 15 АЕК (47700 теңге) мөлшерінде беріледі, отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болған кезде 18 АЕК (57240 теңге) қаржыны құрайды. Отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде 21 АЕК (66780 теңге) мөлшерінде төленеді. Ерікті өңіраралық қоныс аударуға қатысушының келісімімен тұрғын үйді меншігіне сатып алу үшін аудандық, қалалық комиссияның ұсынымдары негізінде отбасына жылына есептелген сома шегінде өтеу сомасын біржолғы төлеуге жол беріледі, – дейді маман.

«ҚАЙТҚАҢДАР» НЕ ДЕЙДІ?

Пәлен жерде алтын бар, барса бақыр да жоқ демекші Солтүстік Қазақстан облысына бағдарламамен қоныс аударған 224 отбасы немесе 556 адам өз өңірлеріне қайта оралған. Өрине, жағдай жаңа жайлы болса, Теріскейден теріс ауып несі бар? Мұны Дүйсебай Құсманұлы да құптайды.

– Өр баспананың тұрғызылуына 7 млн теңге бөлінген. Бірақ баспананың жағдайына қарап қаражат толыққанды жұмсалды деп айта алмайсың. Өрі кетсе 4 млн теңгесіне тұрғызылған. Қиындықты қыста көрдік. Алған баспананың қабырғалары сөгіле бастады. Бірінші іргелері, едендері дымданып, ісінді. Кейін бұрышқа көтерілді. Бұрыштан қабырғаға жайыла бастады. Балалар қайта-қайта тұмауратып көп сырқаттанды. Кей жерлерінің, тіпті, сылағы түсіп қалды. Мұндай жағдайда өмір сүру мүмкін болмады, – дейді Дүйсебай Құсманұлы.

Ал Гүлшат Дүйсенбаеваның кері қайтуына жолдасының денсаулығы себеп болыпты. Қыс мезгілінде құн-райына төзу мүмкін болмады дейді. – 2019 жылы 19 шілдеде Павлодар облысы, Май ауданына бағдарламамен қоныс аудардық,

3,5 млн теңгенің баспанасын 19 жылға бөліп төлеуге мүмкіндік алдық. Мамандығым – бастауыш пәнінің мұғалімі. Туған жерден қызмет бұйырмаған соң Солтүстікке көштік. Жағдайымыз о баста жақсы болды. Мамандығыммен мектепке жұмысқа орналастым. Жалақысы мардымды болды. Құн суыта бастағанда берекеміз кетті. Үйдің ішін жылыту мүмкін болмады. Жолдасым көлік жөндеумен айналысты. Қыста жылу болмағандықтан жолдасымды сырқаты мазалады. Тіпті жүруден қалды. Жылы өңірден келгендіктен ауа-райына бейімделе алмадық. Содан денсаулық жағдайымызға байланысты, Қызылордаға қайта оралуға мәжбүр болдық. Қазір жолдасымының денсаулығы қалыпты жағдайға келді. Бірақ Солтүстікке қайта көшкісі келмейді дейді, – Гүлшат Дүйсенбаева.

БАСПАНА – БАСТЫ МӘСЕЛЕ

«Еңбек» бағдарламасы аясында Қостанай облысы, Тобыл станциясына қоныс аударған, жерлесіміз Айсұлтан Шаңғытбай 2 жылдан бері баспанасыз, пәтер жағалап келеді. Жұмыспен қуантқан жоба баспана мәселесін шешіп бере алмапты.

– 2020 жылы Қазалыдан Қостанайға көшіп бардым. Жағдайым жаман емес. Пәтер

жалдасақ та, ел қатарлы өмір сүріп келе жатырмыз. Бастысы, мамандығым бойынша қызметім бар. Қостанай облысының темір жолында «машинист» қызметін атқарамын. Бағдарлама баспанамен қамтамасыз етпесе, ипотекамен пәтер алуға қамданамын. Болашағымды Қостанаймен байланыстырамын. Бұл жаққа тез бейімделіп кеттім. Қазірдің өзінде мұнда 100-ден аса жерлесім бар. Туған жерді сағынсақ, айына бір мәрте бас қосып, сағынышымызды басамыз, – дейді Айсұлтан Шаңғытбай.

Ерасыл ШӨРІБЕК

ТЕРІСКЕЙГЕ КӨШУ ТИИМДІ МЕ?

Оңтүстіктегі халықтың Солтүстікке бет бұра бастағанына биыл – 6 жыл. Өрине, халық өздігінен қоныс аударып жатқан жоқ. Жердемақы, жұмыспен қамту, баспана беру факторлары қарапайым халықты қызықтырғаны жасырын емес. Алдымен тұрғындар «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасымен бағыт алса, одан кейін «Еңбек» бағдарламасы іске қосылып, өткен жылы тоқтағаны белгілі. Ал биылдан бастап «Қуатты өңірлер – өл дамуының драйвері» жалпыұлттық жобасы аясында жалғасын табауда.

Осы бағдарламалар негізінде бір ғана Солтүстік Қазақстан облысына оңтүстіктен 2700 отбасы, яғни 9 120 адам қоныс аударған. Десек те шикілік әлі басым. Теріскейден теріс кеткендер саны жыл санап көбейген. Солтүстікке қуатты боламыз деген тұрғындар жылға жетпей ескі мекеніне қайта оралды. Не себеп?



Табиғат көреметі – жануарлар әлемі. Соның ішінде адамзатқа жақыны әрі ғасырлар бойы адал серігі болған иттің орны ерекше. Қазақ та итті жеті қазынасының біріне санап, алғыры мен асыл тұқымын бағалай білген. Алайда бүгінгі байлам бөлек. Аталған үй жануарын бақылау, адам өмірінің қауіпсіздігіне қатер төндірмеуін қадағалау кемшін. Көшедегі иесіз иттер жүргіншінің үрейін ұшырып, қауіп төндірде. Алып шаһарлардың өзінде көше кезген иттің қатары сиремей тұр. Ата-аналар мектептен қайтқан баласы үшін уайымдап, құтырған иттен қатер төне ме деп алаңдаулы.

Соңғы кезде әлеуметтік желіде үй жануарларын аяусыз өлтіру, азаптау оқиғаларына қатысты ақпарат көптеп тарап жүр. Қоғамдық талқы тудырған мәселе билік назарына ілініп, тиісті шешім қабылданған болатын. Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатында «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң қабылданып жол ашылды. Заңға сай жануарларды азаптағандарды жазаға тарту көзделген. Мысалы, жануарларды мертіккірлен не өлтірген адамға айыппұл салу немесе бас бостандығынан айыру да қарастырылған. Бұл – заң бойынша жануарларға қиянат жасаған жан жазасыз қалмайды деген сөз. Бұған жануарларды ұрып-соғу, азаптау және өлімге әкелетін әрекетке баруға тыйым салынғанын қосыңыз.

Міне, заң күшіне енді. Жасыратыны жоқ, аталған заң қолданысқа енгелі мамандар ескермеген өзге қиындықтың шеті көрінді. Таяқтың екі ұшы секілді жануарларды қорғау адам қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін келеңсіздікке әкелуде. Неге десеңіз, заңдағы иесіз итті атуға тыйым салынған тұсы елдің мазасын алды.

Көше кезген иттің саны артып, құтырған иттің жүргіншілерге зиян тигізуі көбіе түсті.

– Қалада мұндай келеңсіздік болмайтын. Кез келген жерге қорқынышсыз баратын едік. Биыл барлығы керісінше. Кеш батса, сыртқа жалғыз шыға алмайсыз. Кешкі серуенде еркін жүре алмаймыз. Көше кезген иттен аяқ алып жүргісіз. Шет аймақтың жағдайы тіптен қиын. Иттердің саны көп, түні бойы ұйқы бермейді. Мектептен кеш қайтатын

оқушылардың қауіпсіздігі үшін алаңдаймыз. Біздің аумақта кеш батқанша далада ойнайтын бала көп. Ал иттердің саны одан 2 есе артық. Алдыңғы жылы аулада ит болса да, қорықпайтынбыз. Соңғы кезде сырттан келетін бөтен әрі жабайы иттер көбейді. Бүгін болмаса, ертең балаларды қауып алып, қауіп төндірмесіне кім кепіл? Ондайды жаңалықтардан да жиі естіміз. Қорқынышты оқиға орын алса, сұрауы кімнен болмақ? Әлеуметтік желіде осы мәселені қозғаған едік. Дегенмен ешқандай нәтиже жоқ, – деді қала тұрғыны Әсем Бауыржанқызы.

Көше кезген иттің зияны аз емес. Оған қоса итке таланған бүлдіршіндер қатарының көбеюі жағдайды күрделендірде. Мәселен, 2019 жылы 2 мыңға жуық астаналық иттен жәбір көрген болса, 2020 жылы 400-ге жуық баланы ит қапқан. Бұл ресми тіркелгені ғана. Жария болмағаны қаншама. Сондықтан үрей негізсіз емес. Ал оқу маусымы таяп қалғанын ескерсек, көшедегі қарғыбаусыз иттерден келетін қауіпке ерекше назар аудару қажет. Қорғану

қиындығын есепке алмағанда, құтырған иттен құтылу да қиын жұмыс. Тағы да сандарды сөйлестек, жыл басынан бері Алматы облысында 1400-ге жуық адам ит

жолықпадым. Көшеде еркін-еркін жүруге болады. Иттердің саны көбейгенмен, зияны жоқ деп ойлаймын. Алайда оларды тұрақты тексеріп, құтырма ауруына қарсы екпе жүргізу қажет деп

етілетін болса, қазір ол әрекетіңіз үшін жауапқа тартылуыңыз мүмкін. Жаңа заңның пәрмені сондай. Көшедегі итті қорғау дұрыс-ақ, алайда кез келген әрекет «мемлекеттің басты капиталы – адам» мен оның денсаулығына, өмірінің сапасына зиян келтірмеуі қажет емес пе?

– Біраз жыл бұрын жол жиегінде анасымен жүрген кішкентай қызды ит қауып алды. Көше кезген жабайы иттің ырық бермегені сонша анасы араша түсе алмаған.

Ауылдың ішінде жүрген иттер қараусыз. Өткен жылы көршінің итінен қашамын деп жаракат алдым. Қолға үйретілген ит емес, құдды бір жабайы аң секілді. Сондықтан иттерге тұрақты бақылау жасауды қолға алу қажет, – деді Шиелі ауданының тұрғыны Баян Әліқызы.

Заңда өрескел қателік жоқ. Тек ескерілмеген жайт басым. Иесіз итті жою процесі


өзгертілгенмен, олардың санын шектеу, тұрғындар қауіпсіздігін бақылау жағы кемшін түскен. Заңның орындалуына септесетін қоғамдық ұйымдар мен белсенділерді топтастыру қатерге алынбаған. Көшедегі иттерді жануарлар үйіне анау, күтім жасау, орын санын арттыру ісі жүйелі жүргізілмеген. Жануарларды қорғайтын мекемелердің басым көпшілігі жекеменшік, сондықтан барлық жануарларға жағдай жасау қиына соғады. Жануарды қорғаудың өзін жауапкершілікпен жасамаса, істің ақыры жақсылыққа апармасы белгілі.

Әлия ТӘЖІБАЙ

ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ЖАҢСАҚТЫҒЫ

қапқан. Ақмола облысында 11 жастағы, Павлодарда 8 жасар, Қарағанды қаласында 15 және 5 жастағы қызды ит таласа, 3 жасар бала соның салдарынан көз жұмған. Батыс Қазақстан облысында өткен жылмен салыстырғанда ит қабу фактісі 3 %-ға артқан. Жыл басынан бері Атырау қаласында 112 адамды ит қапқаны туралы дерек тіркелген. Оның ішінде көмелетке толмаған 70 жасөспірім бар.

– Орталық аумақ тұрғынымын. Шаһарда иттердің саны артқаны рас. Алайда өз басым айтарлықтай келеңсіздікке



«Соңғы оқыған кітабыңыз қандай?». Тосыннан осындай сауал қойылса, тосырқап қалатын адам көп. Бірақ қазіргі жастардың кітапқа деген қызығушылығын жоққа шығаруға болмайды. Өрине, олар ескі сөредегі көркем әдебиет пен классикадан бас алмайды деп айту қиын. Себебі заманның сұранысы басқа. Уақыт ағымына сәйкес басылымдардың да көтеретін тақырыбы өзгеріп келеді. Осы жағдайды ескере отырып, трендтегі кітаптар жайлы тарқатып айтуды жөн көрдік.

Жастар арасында кофе ішіп, кітап оқудың жақсы дәстүрге айналғанына көп бола қойған жоқ. Бірте-бірте қалыптасқан бұл үрдіс кітаптың орнын интернет ресурстардың баса алмайтынына дәлел болған сыңайлы. Әсіресе, қаладағы «КітапAL» дүкеніне келіп, кітап іздеп жүрген замандасында көргенде тілдесуге ортақ тақырыптың табыла кететіні көңілге қуаныш ұлатады.

«Жылдам оқы»

Қазір Мұрас Кеселевтің «Жылдам оқы» кітабы жастардың жоғары сұранысына ие. Тайм-менеджментпен жүретін жаңа заман тұрғындары үшін уақыттың бағасы қымбат. Олар, тіпті, кітап оқуға арнаған уақытты да тиімді пайдаланғанды жөн көреді. «Жылдам оқы» кітабының трендте болатын себебі де осы. Автор алдымен оқырманның оқу жылдамдығын бірнеше жаттығу түрімен тексеріп алады. Кітапты мазмұндау барысында жылдамдықты қалай арттыру керек деген сауалмен шектелмей, «кітапты қалай дұрыс таңдау керек?», «кітапты не үшін оқысаз?», деген сұрақтардың да жауабын қамтиды. Сонымен қатар кітапта «Жылдам оқыған тұлға» атты қызықты айдармен өлшенбейтін ерекше қабілеті не адамдар жайлы да деректер берілген. Мәселен, АҚШ-тың Юта штатында университетте дәріс оқытын профессор Поулзл Лиске Эвелин есімді студент 80 беттен тұратын курстық жұмысын тапсырады. Бір айда оқып, пікір жазып қайтарар деген ойда болған студентке профессор 10 минутта жұмысын тексеріп, қайтарып береді. Тіпті, сұхбаттасу барысында профессор курстық жұмысты оқып қана қоймай, толықтыру керек бөлімдерді, қате кеткен тұстарды айтып берген. Сонда орташа есеппен профессор Лисс минуттына 2500 сөз оқыған. Бұл оқиғадан әсерленген Эвелин 17 жұл жылдам оқу институтын құрып, сабақ берген екен. Ал тарихта жылдам оқудан рекорд орнатқан Син Адам минутына 4550 сөз оқу мүмкіндігіне ие болған. Осыған қарап-ақ минутына мыңдаған сөзді оқуға болатынын, ол үшін жылдамдық дағдысын қалыптастыру керекті түсінеміз. Және осы мақсат «Жылдам оқы» кітабының құндылығын арттыра түседі.

«Оқырман әліппеі»

«Кітап оқымай өткен күн» – бөкер өткен күн. Василий Сухомлинскийдің осы сөзін еске түсіргенде күнделікті жарты бет болса да кітап оқуды бұлжымас ережеге айналдырың келеді. Бірақ ол үшін кітап оқу дағдысын мен мәдениетін білу артық етпейді. Әділбек Исламбектің «Оқырман әліппеі» кітабында бұл айтып отырған қағидалары бәрі қамтылған. Кітап мазмұны жағынан «Жылдам оқы» туындысына ұқсас болғанымен, оқырманды қызықтыратын өзгеше тақырыптары бар. Тіпті, бұл кітап «КітапAL» дүкенінде оқырманның жоғары сұранысына ие болған ондықтың қатарында екен. Сондықтан кітапта көрсетілген кейбір пайдалы кеңестерді осында бөлуді жөн

көрдік. Автор «кітапты қай уақытта оқу керек?» деген сауалға ғалымдардың дәлелдемелерін ұсынады. Гарвард университетінің мамандары жүргізген зерттеу барысында таңғы сағат 6-дан 7-ге дейінгі уақытта мидың жұмыс істеуі, есте сақтау қабілеттілігі жоғары деңгейде болатынын анықтаған. Ал таңғы сағат 8-ден 9-ға дейін адамның логикалық ойлау қабілеттілігі арта түседі. Таңғы сағат 9-дан 10-ға дейінгі аралық – ғылыми туындыларды оқуға таптырмас уақыт. Сондықтан автор салыстырмалы мәліметтермен жұмыс жасауға өте тиімді екенін айтады. Ең қызығы, түсі сағат 11-ден 12-ге дейінгі уақытта адамның интеллектуалдық ойлау қабілеттілігі төмендейді екен. Сол үшін бұл уақытта кітап оқудың орнына басқа да маңызды жұмыстарға назар аударған жөн.

Кітапты «Тұлғалар өміріндегі кітап» атты бөлім оқырманды өзіне шақырып тұрғандай әсер қалдырады. Себебі аталған айдардың тақырыпшалары қазақ зиялыларының кітапханасынан хабар береді. «Симырза Ернәзаров соғыс алаңында қай кітапты қолында ұстаған?», «Әбу Насыр әл-Фараби қай кітапты 100 мәрте қайталап оқыған?», «Мұхтар Өзгезов 2 күнде қандай кітаптарды оқып бітірді?», «Ақселеу Сейдімбекке қандай кітаптарды 2 миллион теңгеге сатты?», «Ғабит Мүсіреповтың кітаптары неге аз болған?» сынды тақырыпшалар арқылы оқырман кітап соңына қалай жеткенін байқамай қалады. Сөзімізге бір ғана мысал, кітапта Қадыр Мырза Әлімді неге үйінен шыққан адамдарды тексеретіні жайлы жазылған бет бар. Қабырғалы жазушының бұл әдеті шынымен қызық қой ме? Бірақ оның елеулі себебі бар екен. Жазушы кітапханасының бай болуы заңды, яғни ол жерден кез келген автордың кітабын табуға болады. Ал үйіне келген қонақты шығарып саларда жазушының мейманды құшақтап, қалтасын тексерістен өткізуі «Менің кітаптарымның бірін ұрлап алмады ма?» деген қорқынышынан туған. Осыдан-ақ аңыз адамның өз кітаптарына көзінің қарашығындай қарағанын білуге болады. «Оқырман әліппеінің» басты ерекшеліктерін қысқаша атап өттік. Кітап оқуға деген құлшынысты арттыруға арналған басылым жастар үшін пайдалы болары сөзсіз.

ВАВИЛОНДАҒЫ ЕҢ БАЙ АДАМ

Джорж Клейсонның бестселлерін қазақ тілінде Серік Ергали мазмұндаған.

ТОП-4: ТРЕНДТЕГІ КІТАПТЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Кітап атауынан байқағанымыздай, басылым бай болудың ережелері жайлы баяндайды. Қаржыны дұрыс пайдалануды, табысты сақтауды үйрететін бұл кітап «Байлық әліппесі» деп те аталып жүр. Демек, кәсіп иегері, табыс табуға ұмтылған жастардың кітапты оқуға ынталы болуы – заңдылық. Осыған дейін бұл еңбектің жүз мыңдаған адамға қаржылай еркіндік сыйлағаны айтылады. «Байлықтың бес заңын» нақтылап көрсеткен кітаптың негізгі мазмұнын қысқаша ғана баяндауды жөн көрдік. «Егер алдыңнан алтын толы қап пен даналық жазылған сазбітік шықса қайсысын таңдар едің?» деп басталатын оқиға шығыс ертегілеріне ұқсайды. Бірақ бұл қиял-ғажайыпқа құрылған дүние емес. Оқырманға байлықтың бес заңы білімді таңда деген нұсқау беретін ежелгі Вавилондағы оқиға еді. Вавилондағы ең бай адам Арқат баласы Номасарға байлықты да, даналық сөздер жазылған сазбітікті де береді. Оқиға соңында байдың баласына бір қап алтын емес, байлықтың бес заңы

жазылған күйдірілген кірпіш мол пайда әкеледі. Сондағы жабаларды автор оқырманға негізгі қағида етіп ұсыныпты: бірінші заң бойынша табысының кемінде оннан бір бөлігін өзі мен жанұясының болашағына жинайтын адамға ғана байлық дариды өрі қазынасы молайды. Екінші заңда өзінің сүйікті ісін тапқан адамның байлығы ғана тұрақты болып, өрістігі малдай көбейетіні жазылған. Үшінші заңда білікті адамдардың кеңесіне құлақ асып, білгенін іске жаратқан кісінің байлығы еселенетінін ескертеді. Төртінші заңда өзіне бейтаныс іске ұрыған адамның байлығы қолдан сусынтаны жазылса, бесінші заң қолдан келмейтін іске ұрыған, болмаса алапқарт мен құлардың қарамағына түскен немесе тәжірибесіздігі мен қиялға еруінің нәтижесінде тез баюға ұмтылған адамның байлығынан береке қашатыны баса айтылады. Аталған бес заң да әлі күнге дейін маңызын жоймай келеді. Содан болар «Вавилондағы ең бай адам» кітабы да бестселлер қатарынан түскен емес.

МЕНТОР

Жаңа заманда жастардың кәсіп бастап, мол табысқа ұмтылуы қунарлық жағдай. Алайда рухани даму мен кемелденуді де естен шығармаған абзал. Осы тепе-теңдікті сақтауға ұмтылғандықтан «Ментор» кітабы да трендтегі кітаптар қатарынан орын алған сынды. Мұхитдин Исаұлы мен Алматы Анарағалидың туындысы бай санаға ие болғысы келетін оқырманға арналған. Сондай-ақ, кітап авторларын адамның өзін табуына, эмоциялық жүктерден арылуына ықпал етіп, өмірді қиындатпауды мақсат еткен. Кітапты қолға алып парақтағанда «қандай ерекшелігі бар?» деген сауалдың көкейде тұратыны рас. Себебі қазір рухани дамуға арналған, мазмұны ұқсас басылымдар саны жеткілікті. Бірақ «Менторға» көз жүгірткенде «Темірдей тәртіп (т) қалыптастырудың 6 жолы» аталатын бөлім ерекше назар аудартыды. Қай істе болсын, терітпінкі болғаны жақсы, алайда оны қалыптастырудың жолдарын көпшілік біле бермейді. Кітапта Элберт Грин Хаббардтың ТТ жайында айтылған мына сөзі берілген: «Қажет болғанда өзіне керек нәрсені қаласаң да, қаласаң да жасай білу қабілеті». Анықтамасын білген соң, ТТ-ны қалыптастырудың жолдарына көз жүгірттік. Автор бірінші жол ретінде «100% мен» формуласын ұсынады, яғни жауапкершілік қашанда өзіңде екенін ұмытпау қажет. Екінші жол – қандай жағдайда да қиындықтан қаушау. Келесі нұсқаларда болашақты болжау, кедергілерді жеңу, мақсатты қайталап отыру, бастаған істі аяқтау тәріздері тәртіп орнатудың басты қағидалары екені жазылған.

КІТАПТЫ ҚАЛАЙ ОҚУ КЕРЕК?

Кітап оқу – тек бос уақытты қызық өткізу тәсілі ғана емес. Сонымен бірге тұлға болып қалыптасу жолында көмегі тиетін өте пайдалы іс. Нақтырақ айтқанда, бұл процесс ойлау қабілетін жетілдіріп, сөздік қорды ұлғайтады және сөйлеу мәдениетін дамытып, ми белсенділігін жақсартады. Сондай-ақ, әрбір адамның шығармашылыққа


деген сүйіспеншілігін оятуға итермелейді. Кез келген адам көп білуге деген құштарлығы арқылы пайдалы ақпараттарға, тың дүниелерге бас сұққысы келеді. Оқырмандар да солай. Басында балалар әдебиетін шолып өткен адам ертеңіне роман-эпопеяларды парақтай бастайды. Біер күннен соң қолында дамуға арналған кітаптар жүреді. Өрине, оқимын деген ниеттің өзі дұрыс. Алайда оқу барысында жүйелілікке көп көңіл бөлген абзал. Бастауыш оқушылары балаларға арналған кітаптарды парақтамай тұрып «Абай жолы» немесе «Көшпенділерді» оқығанымен, толықтай түсініп, өзіне керек дүниені сіңіре алмайды. Демек, асқан жүйелілікпен, жасына, таным көкейігіне қарай авторларды таңдаған жөн.

Осы ретте Мазмұндама қорының жетекшісі Шыңғыс Мұқаннның кітап оқуға қатысты кеңестеріне құлақ түрейік. «Артық білім кітапта» деп Абай атамыз айтпақшы, кітап оқу білім алудың жолы. Білім деген – білу деген. Кітап оқып, білмегенінді үйренгеннен, сол білімді іске жарата алмасаң, білгеннің пайдасы жоқ. Мәселен, қазір қандай тағамның пайдалы, қайсысының аса пайдасы жоқ, тіпті, қайсысы зиянды екенін білеміз. Бірақ сол білім өмір салтымызды өзгертуге әсер етпесе, оны білгеннен не пайда? Жаман әдеттердің өмірге зиян екенін білеміз, бірақ сол білгенімізге сәйкес өмір сүрмейміз. Кітап оқудың дұрыс екенін білеміз, бірақ біліп тұрып кітап оқымасак, оның да пайдасы шамалы. Білім – сөз, сол білгенге берік болу – іс. Сөз бен істің арасы әдетте алшақ болады. Сондықтан сөздің іске сәйкес болғаны дұрыс. Кітап оқу да сол. Пайдалы ақпарат алудың әдісі көп. Интернетте толып тұр. Бірақ әңгіме кітаптан пайдалы ақпарат алу емес, сол пайдалы білімді іске жарата білуде.

Пайдалы ақпарат кездесе, яғни бұрын білмейтін жаңа мағлұмат, жақсы ойды оқысам, астың сызып оқымын. Жалға, қаламсыз кітап оқымаймын. Оқып болған соң, астың сызып тұстарына көз жүгіртіп, одан не түгінгенімді өй елегінен өткізем. Кітапта көптілігін мәліметтер тұзымен бекіткен ойларымның дұрыс емес екеніне сендіре алса, ойымды, соған қатысты көзқарасымды өзгертуге тырысамын.

Таңдау қай уақытта да адамның өз қызырында. Кітапты оқығанда да көз келген кітапты оқи бермей, қандай кемшілігі бар, соны анықтап, сол кемшілікті түзейтін кітаптарды оқыған абзал. Егер уақыт жетпей, ешнәрсеге үлгере алмай жүрсең, уақытты басқаруды үйрететін кітаптарды оқы. Уақытты қалай басқаруды біліп алған соң, соны өміріңде қолдан. Білім арттыратын кітаптар тек сол тақырыптарды қозғайтын кітаптар ғана болмайды. Айталық, көшбасшылық деген қасиет бар. Бұл қасиет адамдардың бөріне бар. Көшбасшылық деген – жақсы үлгі көрсету, жауапкершілік алу, бастамашыл болу. Бірақ көшбасшылық ілімін тек осы тақырыптар кітаптардан табам десеңіз, қателесесіз. Мәселен, Александр Бектің Бауыржан Момышұлының аузынан жазып алған «Волоколам тас жолы» атты кітабы бар. Соғыста Мәскеуді қалай қорғағанын баяндайды. Тұнып тұрған көшбасшылық ілімі. Ескері емес адамдарды жинап алып, оларды қалай соғысқа дайындады, қалай соғысқа бастап берді? Оларды қалай жігерлендірді? Міне, мұның барлығы – көшбасшылық. Кітап оқымай-ақ, төңірегіңізде жүрген жауапкершілігі мол, сөзі түзу қаншама адамдар бар! Оларды оқи алған, олардан үйрене алған адамға олардың әрқайсысы бір-бір кітап болуы мүмкін», – дейді Шыңғыс Мұқан.

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА




КІМДІ ОҚЫП ЖҮРСІЗ?

Кітап оқу үшін арнайы уақыттың болмайтыны белгілі. Тіпті, кітап парақтаған сәтте оқырманның қай саланың маманы екені де маңызды емес. Бастысы, кітаптың мазмұны мен пайдалы болуында. Осы аталған біз тұрғы сала мамандарынан қай авторды, қандай шығарманы оқып жүретінін сұрастырдық.

Жұлдызай МҮЗАРАПШИНА, мұғалім:

– Соңғы уақытта бірнеше кітапты қатар оқып, тауыстым. Олардың қатарында Смағұл Елубайдың «Ақ боз үйі», Дулат Исабековтың «Бекеті» мен «Тыныштық күзетісі» кітабы бар. Кітаптардан алған әсерім ерекше. Әрбір кейіпкердің бейнесі, рәлі, сол кездегі халықтың басынан өткерген қиындықтарын жазушы шебер суреттеген. Мәселен, «Ақ боз үй» кітабы ашаршылық кезеңін оқырманның көз алдына айна-қалтесіз жеткізеді. Басты кейіпкер Хансұлуың өмірін баяндай отырып, тұтас елдің басындағы жағдайды көрсете білген жазушы кітапқа деген қызығушылығымызды арттыра түсті.

Ал «Тыныштық күзетісі» ең ал басына күн туған соң уақыты баяндалады. Алыстағы қазақ ауылының жұпыны тіршілігі, майданға аттанған ер азаматтың күлкен әйелдердің аянышты өмірі, алмағайып замандағы адамдардың қарым-қатынасы көрініс тапқан туынды түрлі сөзім сыйлады. Кітапты оқып бірде мұнажық, бірде қуанасыз, Дулат Исабековтың «Бекеті» шығармасы да сондай әсерлі, себебі кітапта өкі жетім баланың өмірі суреттеледі. Екі бауырдың бір-біріне деген ерекше махаббатын жазушы шебер жеткізген.



Гүлайна МАНАСҚЫЗЫ, медбике:

Жуырда жақын досымның кеңесімен Санжар Керімбайдың «Өмірге ғашық болу» кітабын бастадым. Басылымның негізгі бөлігінде автордың логотерапия идеясында жазылған мақалалары жинақталған. Автор логотерапия ғылымындағы ауыр түсінік пен терминді қазақ тілінде оқырманға жеңіл түрде, қарапайым әңгіме жарында түсіндіре білген. Франкл, Юнг сияқты психологтардың идеясын, ғылыми көзқарасын да барынша түсінікті түрде ұсырған. Менің ойымша, логотерапия ғылымына қызығатын оқырмандар үшін бұл кітап таптырмас құндылық тәрізді.

Әміржан ҚОЖАБЕКҰЛЫ, педагог:

Қанша уақыт өтсе де құндылығы мен мазмұнын жоғалтпайтын кітаптар болады. Соның бірі – Әзілхан Нұршайыттың «Махаббат қызық, мол жылдар кітабы». Кітапты жақын арада оқып бітірмі. Шығарма соңына жеткенше, кітап кейіпкерлеріне бірде сүйсініп, бірде қуынып отырғаным рас. Басты кейіпкер Мейтап мен Ерболдың махаббаты, адамгершілік қасиеттері қазір жастарға үлгі-өнеге деп ойлаймын. Әсіресе, Мейтаптың анасынан алған тәрбиесі мен ақылын әрбір қазақ қызы білуі тиіс.

Пікірлерді жинақтаған Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ



ВОЛОНТЕРЛІК - КӘСІП КӨЗІ ЕМЕС



– Аружан, ерікті болу – ерік-жігерді талап ету. Бұл салаға қызығушылық танытып, мақсатты түрде айналысуға не түрткі болды?

– Қазір Логистика және келік академиясында «Логистика» мамандығы бойынша білім аламын. Волонтер өлемімен танысқаным 7 жыл болды. Ал қызығушылығым 5 жыл бұрын басталды. Бұл салаға келмесе бұрын 4 жыл тазакондоме айналыстым. Спортты тоқтатқаннан кейін жаңа дүние ашым келді. Өзімнің хобби, қызығушылығымды зерттей бастадым. Соның нәтижесінде Америкалық елшіліктің қолдауымен Қзақстанның әр қаласында ашылған ұйымдармен таныстым. Солардың бірі – «Ameri-can Corner Kyzylorda». Ұйымға 2015 жылы келіп, алғаш рет «volunteer» сөзімен таныстым. Ұйымның белсенді қатысушысы болып, акцияларға, іс-шараларға қатысуға жол ашылды. Ағылшын

клубы мен сабағын да ұйымдастырды. Осылайша волонтерлік жұмысым басталды.

– «Еріктілер жылына» тоқталсақ. Қандай іс-шараларға қатыстыңыз?

– 2020 жылға дейін бұл салаға көпшілік аса бір қызығушылық танытпайтын. Бізді белек ағым деп ойлайтын. Президент волонтерлер жылын бекіткеннен кейін біршама өзгеріс болды. Халық өмірінде волонтер түсінігі пайда болды. Қызығушылардың саны артты. Көптеген ұйым ашылды. Әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жобалар пайда болды. Тек жастар емес, егде жастағы азаматтар волонтерлікке бет бұра бастады.

– Әлеуметтік желіні белсенді қолданасыз және маркетинг саласында да тәжірибенің бар. Интернетті табыс көзіне жатқыза аласыз ба?

– Иә, әлеуметтік желіні белсенді қолданушысымын. Қолданып қана қоймай, табыс көзіне айналдыра алдым. Желілерде SMM және пиар бойынша

коммерциялық, коммерциялық емес жобалармен жұмыс істеймін. Ең алғашқы жұмысым волонтерлік парақшаларды тегін жүргізуден басталды. Бұл мен үшін үлкен тәжірибе болды. Саланың қырсырымен танысқаннан кейін көлемді ұсыныстар түсе бастады. Бүгінде киім дүкені және үлкен компаниялардың парақшаларын дамытумен айналысамын. Тек пост жариялау емес, дизайн, мәтін жазу, маркетингтік статистика жүргіземін. PR саласындағы үлкен жұмыс – өткен жылы ұйымдастырылған «Күміс волонтер» жобасы. Сол жоба арқылы грант иегері атанды.

– «Қызылорда волонтерлері», Америкалық елшіліктің қолдауымен құрылған «Go Viral» және «ЮНИСЕФ» ұйымдарының қызметіне тоқталсаңыз...

– «Қызылорда волонтерлеріне» 2019 жылы қосылдым. Өлі күнге дейін волонтер қызметімен. Түрлі жобадан координатор боламын. «Birgemiz: UMIT» жобасы бойынша жұмыс атқарылау. «GO VIRAL» туралы айтсам, негізгі мақсаты – Қазақстандағы медиа, бизнес саласын дамыту. Өткен жылы Қызылорда қаласының амбассадоры болдым. «ЮНИСЕФ» бойынша да жобалар бар. Жыл сайын өтінім беру арқылы басқа қалаға тәжірибе алмасу мақсатында барамыз.

«ЮНИСЕФ» буллингке қарсы жоба ұйымдастырған болатын. Яғни, мектепте орын алатын жәбір көрсету тақырыбын қолға алдық. Мектеп оқушыларына онлайн және офлайн форматта сабақ жүргіздік. «Пайдасы бар карантин» жобасы қолға алынды. Карантин уақытында әлеуметтік желіде белсенді болып, түрлі челлендж ұйымдастырдық. Экология бағыты да шетте қалмайды. Алдағы уақытта жобалар ұйымдастырылмақ. Сол жобаларда ментор-аудармашы қызметінде боламын.

– Біршама тәжірибе жинақтаған волонтер ретінде айтыңызшы, халық көбіне қандай жағдай бойынша көмекке жүгінеді?

– Халық арасында әлі де біршама түсініспеушілік бар. Мысалы, қайырымдылық пен волонтерлікті шатастырады. Қайырымдылық – көбіне қаржылай көмек болса, волонтерлер ақша жинамайды. Кіші және үлкен гранттарға қатысып, волонтерлік жобаларға атсалысады. «Эко акция» ұйымдастырамыз. Осыны шатастырмаса екен дейміз. Ал халықтың жағдайына көлсек, әлеуметтік, азық-түлік бағасының қымбаттауы сынды мәселе көп. Көпбалалы аналар жиі көмек сұрайды.

– Бүгінде «Ejaksu» атты жеке жобаның бар. Оның мақсаты қандай?

– Күміс волонтерлікте жұмыс істеп жүрген

Жастар – қоғамның қозғаушы күші, мақсат пен арманның бейнесі. Дүниежүзілік күнтізбеде 12 тамыз – Халықаралық жастар күні деп белгіленген. Мерекеге орай, «Go Viral», «ЮНИСЕФ», «Қызылорда Волонтерлері» ұйымының мүшесі, ментор-аудармашы, координатор, «Ejaksu» жобасының авторы Аружан Әбдіржанмен сұхбаттасудың сәті түсті.

кезінде осы жоба туралы идея келді. Идеяның пайда болуына өзім бетпе бет келген мәселе себепкер болды. Әжем – қарт адам. Интернет, қосымшаларды қолдана алмайды. Сондықтан зейнетақысын алу үшін банкке барады, құжаттары үшін ХҚКО-да ұзын-сонар кезекте тұрады. Осы тұста егде жастағы адамдардың уақытын үнемдеу мақсатында компьютерлік сауаттылық тақырыбын қолға алуды жөн көрдім. Цифрландыру жүйесі тек жастарға ғана емес, барша азаматқа қолайлы болса екен деймін. 2021 жылы Astana HUB ұйымдастырған конкурста осы жобаммен қатысып, 200 мың теңгені құрайтын кіші грант иегері атандым. Қызылорда қаласынан қатысушылар жиналып, волонтерлермен бірге сабақ өттік. Әлеуметтік желіні қолдану, банк қосымшаларын және egov.kz пайдалануды үйреттік.

– Алдағы уақытта қандай жаңалықтармен қуантасыз?

– Дәл қазір басты назарда – «Biz Birgemiz» жобасы. Төтенше жағдайлардың алдын алу, топ құру, көмек көрсету бағытында жұмыс істеудеміз. Келесі кезекте жеке жобамды ары қарай жалғастырсам деймін. Ойда жүрген 2-3 жоба бар, уақыттың еңшіне қарай жүзеге асырамын.

– Мереке келе жатыр. Орайы келгенде қойылған сауал. Сіздің ойыңызша, жастардың бүгінгі ахуалы қандай?

– Волонтерлікте жүргеннен кейін жан-жақты жастармен жұмыс жасаймын. Ортамнан білімді, ақылды, көмекке дайын, жақсылық жасауға асығытын жастарды көремін. Тіпті, солардан мотивация аламын. Қоғамда жақсы жаққа өзгертуге тырысатын, тек волонтерлікте емес, кәсіпте де бой көрсетіп жүргені қаншама?! Өрине, волонтерлік кәсіп көзі емес. Егер адам тандаған саласының нағыз маманы болса, қоғамға жаңа леп әкеледі. Алайда жастарға қарап келер жаңа толқынның мықты болатынын сеземін. Қоғамда жастардың қай әрекетіне болсын сын айтушылар табылады. «Әлеуметтік желіге жол берме» жастардан не күтеміз? деген пікір жоқ емес. Бірақ бұл пікірге уәж айтып келеді. Әлеуметтік желіні қолдану арқылы да пайдасын тигізіп жүрген жастар бар. Барлығы өзімізге байланысты. Қазақстанның болашағы бар деп нақты айта аламын. Егер жастар тапшыныстан таймайтын болса, бұдан да жақсы деңгейге жететінімізге сенемін.

– Өңімізге рақмет!

Сұхбаттасқан: Әлия ТӘЖІБАЙ

Экономиканың құрметіміз – кәсіпкерлік. Әсіресе, шағын және орта кәсіпті дамыту арқылы халықтың әл-ауқатын, тұрмыс әлеуетін арттыруға мүмкіндік мол. Сондықтан жыл сайын көптеген мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асып, азаматтардың кәсіп бастауына мүмкіндік берілуде. Өз кезегінде жеке грант, халықаралық жоба, мемлекеттік бағдарлама шеңберінде қаржыға көнелгендер жұмыссыздық көрсеткішін төмендетуге атсалысып келеді.

Алмақтың да салмағы бар дегендей, жыл сайын қойылатын талап пен артылар жүк күрделене түскен. Мәселен, «Бастау бизнес» бағдарламасын алайық. Бұған дейін жоба «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында әр өңірде облыстық кәсіпкерлер палатасы арқылы жүзеге асырылатын. Ал бұдан бастап аталған процесс өзгерді. Енді грант үміткерлері «Еңбек-Бизнес» порталы арқылы жұмыс істейтін болады.

1 млн теңгеден астам қайтарымсыз грантты әркімнің ақ алғысы бар. Алайда бұл оңайға соқпайды. Үкімет қаржыға үміткер бола алатын азаматтардың санатын бекітіп, нақты талапты шегендеген. Бұрын мемлекеттік гранттарға барлық санаттағы азаматтар үміткер болса, биылғы жылдан бастап тек 29 жасқа дейінгі жастар мен әлеуметтік осал

топтарына жататын азаматтар ғана грант ала алады. Әлеуметтік осал топтарына атаулы көмек алатын отбасы мүшелері, көпбалалы отбасылар, мүгедектер, мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны алатын адамдар және қандастар жатады. Биыл грант процессі электронды түрде өтеді. Үміткер өтінімді «Еңбек-Бизнес» порталына электронды цифрлық қолтаңба арқылы тапсыруы қажет. Ал мемлекеттік грант беру туралы шешімді грант алуға үміткерлердің өтініштерінен

КӘСІПКЕРЛІК:

ҚОЛДАУ БАР, ТАЛАП ҚАНДАЙ?



жайлы бұған дейін де БАҚ-та айтылған болатын. Мәселен

қарау жөніндегі арнайы комиссия шығарады. Комиссия құрамына «Атамекен» палатасының өкілі, қоғамдық бірлестіктер, қоғамдық танымдық ұйымдар, бизнес, бұқаралық ақпарат өкілдері және сала эксперттері енгізіледі. Аталған өзгерістер

жылда облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Жанар Дәулетбаева бұл өзгеріске былайша түсінік берген екен:


– Мемлекеттік грантты иеленетін азаматтар жұмыспен қамту органдарында тіркеуде тұрған жұмыссыздар немесе мерзімі 1 жылға дейінгі жеке кәсіпкерлер және жеке қосалқы шаруашылықта жұмыс істейтін азаматтар қатарынан болуы тиіс. Сондай-ақ, «Бастау бизнес» жобасының сертификаты және 1 жыл тұрғылықты жері бойынша грант үміткері атана алады. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу іс-шараларының қатысушылары болып табылатын адамдар грант алуға үміткер бола алмайды. Гранттар тұтынушылық мақсаттарға, кредиттік

қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, өнімдер өндіруге берілмейді, – дейді басқармасы басшысының орынбасары. Жастардың мүмкіндік көзіне айналған тағы бір жоба – «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы шеңберіндегі қайтарымсыз грант. Қаржы сомасы – 2-5 млн теңге аралығы. Жобаның ерекшелігі, арнайы сертификат қажет етпейді. Тек қойылатын талап – идея жаңашылдығы, қоса қаржыландыру әлеуетінің болуы және жұмыс орнын құру. Аталған конкурста өтінім 19 тамызға дейін. Үміткерлер өтінім құжатын Qoldau.kz веб-платформасы арқылы электронды нұсқада тапсыруы шарт. Грантқа негізгі үміткері шағын бизнес субъектілері екенін ескерсек, бастама өңірлік кәсіпті дамытуға таптырмас мүмкіндік.

Берен ШАҒЫРОВ



«ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ, ҰСТАЗЫМ...»



Әр бала өз анасының жақсылығына сүйенетіні анық. Сол сияқты мен де есімді біліп, айналамды танғалы «ұстазды» ерекше бағалаймын. Себебі менің анам ұстаз болатын. Аналық тәрбиеден бөлек, үнемі сабағымды жақсы оқуға, адамдарға сыйластықпен қарауға, мәдениетті болуға, жаман әдеттерден өзімді аулақ ұстауға және шығармашылыққа ден қоюыма ықпал жасады. Ал мектеп табалдырығын аттағаннан кейін нағыз ұстаз деген атқа лайықты жанды жолықтырдым. Әр күн сайын жылы жүзіммен қарсы алатын, қоршаған ортаны танытудан аянабайтын, бізге тек «жақсы адам бол» деп, өмірдің ақ жолынан тайынбауды үйреткен жан – менің алғашқы ұстазым. Мектепте әліппені оқу, өсепті шығару, дүниені тану емес, ұстазымның мейіріміне толы жүзі мен үнемі мақтау айтып, алға жетелейтін қолдауы қайтамын. Сол жанның арқасында әр сабаққа деген қызығушылығым артып, «бес» деген бағаны алмай қайтпайтынмын. Оның үстіне әкем мен анам менің алып келген бағам ризашылықтарын білдіріп, ынталандыру сыйлығын беріп

отыратын. Мектеп мен үшін үлкен шаңыраққа айналды. Өзіне тартып тұрады. Оған себепкер ұстаздардың әр баланы өз баласындай көріп, сырласып, жан дүниесін түсінуде деп ойлаймын. Енді сөзімді ұстаз деген ұлы тұлғаға баға беруге арнайымын. Ұстаз бейнесі – шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғары үлгісі. Ұстаздың пәулаған жалыны – әр жүрекке жылу сөйіп, нұр құятын қуаттың, өмірдің қайнар көзі. Тіршіліктегі шырақтың сөнбес ошағы. Ұстаз – өзінің бар күшін, бүкіл өмірін бала тәрбиесіне арнайтын періште. Ұстаз – бұл қасиетті мамандық иесі, ешкіммен ешқашан сөзге келмейтін, сабақ барысында оқушысынан қол ұшын аямайтын адам. ...

Ұстаз деген кім? Ол – шәкірттерін білім нәрімен сусындататын адам. Ұстаздық – екінің бірінің қолынан келмейтін, әрі аса үлкен жауапкершілікті қажет ететін мамандық. Себебі ол дәрігер сынды жас түлектердің болашағына жауапты. Бала өмірге қадам жасаған сәтте оның жолында небір қиындықтар кездеседі,

сол кезде өзінің тәжірибесімен бөлісетін адам сол баланың өмірінде өшпес із қалдырады. Тарайды болып кірген күнімізден бастап мектеп қабырғасында біздің еркелігімізді көтеретін де, қателіктерімізді көшіретін де, сабақ бере отырып сүйіспеншілікке баурайтын да, махаббатқа тәрбиелейтін де, өмір сүрудің қыр-сырын үйрететін де ұстаздар қауымы. Таудай болып шыққан күнімізде де талабымызға тілеші болып отыратын тағы да ұстаз.

Ұстаздардың еңбегін ұлы ететін өздері емес, шәкірті. Білім нәрімен сусындатып, үйретуден талмаған ұстаздың сан жылдар бойы еңбегінің жемісі – аяулы шәкірті. Бәйгеден оза шауып, мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік келген шәкірті үшін қуанышты ұстаздың күлкісін сипаттай алмаспыз.

Мамандық көп. Бірақ мамандықтың саны маңызды емес. Жер бетінде қанша мамандық болса да, маманды маман қылатын тағы да ұстаз. Ұстаздар мерекесі келіп жеткенде «Ғалым да, шахтер де бас негізін, ұстазым бар сенің қасиетің...» деген әнді жиі естимін. Осы сөздің мағынасын тереңірек түсінгендеймін. Расында, мейлі ғалым, жұлдыз, тіпті, беделді азамат, президент болып кетсек те бізді осы өмірге жетелеген, осы шыңға жетуге себепші болған ұстазды ұмытуға қақпымыз жоқ. Оның еңбегін сыйлау, оған құрмет көрсету сол адамға деген сый-сияпат емес, біздің тәрбиелі, тәлімді тұлға болғанымыз деп білемін. «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан» деп Абай ағамыз айтпақшы, әрбір салада жеңіске жетіп жатсақ, оның артында ұстаздың бір тамшы болса да еңбегі бары анық.

Мансур АСЫЛТАЕВ, Сақатберген Әлжіков атындағы №144 орта мектептің оқушысы

ЕРКІНДІГІМ!

Өн бойымнан серпіп бүгін қайғы-мұң, Қазақ елім, жер кіндігім, байлығым. Қаншама жыл армандаған бабалар Тәуелсіздік, еркіндігім, айбыным!

Қазақстан ғажап бүгін сәнімен, Батырлардың қазақтығы жанымен. Аталардың келген мынау қанымен Қымбат маған, азаттығым бөрінен!

Құрып кетсін! Алаңдаған аз-ақ күн! Құрықты ешкім сала алмаған. Шекарасын алсадағы құжатпен, Рухын ешкім ала алмаған қазақтың!

Ағаларым, пәк күнәдан жаны шын, Желтоқсанда сап құраған бәрі үшін. Қысымына өзге елдің шыдамай Жанартаудай атқылаған намысым!

Шаттанатын келдіме шын тоқ күнің, Апасарар енді несің шоқтығым. Елдігімің белгісі боп әрқашан, Көк аспанда желбіресін көк туым!

Тәуелсіздік, асқарымның жолында, Кеткен жоқпыз бос сағымның соңында. Бабалардың аманатын орындау, Келер ұрпақ, жастарымның қолында.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӘТТІ СЫЙ!

Уа, Тәуелсіздік! Қарасаң жабық тақырып. Арпалысқандай, аласұрғандай бақ-үміт.

Жегідей жеген жігермен тұнған қум сауыт, Намыстың буы көкірек басты батырып.

Ей, Бодандық! Қарасаң, ашық беттерде. Шұбар ғып жеккен алапық толы шекпенге.

Есіріп кеткен ессіз дүние ел білмей, Есін жинаған есегі судан өткенде.

О, 86! Шаттықсыз күлкі шарп ұрған, Арамаз күдік қылқындырғандай алқымнан.

Батпақпен биік төбе көрсеткен әр құмнан, Қыл-қызыл қанмен көз жасты кешті балтырдан.

Батырлардың ұрандары жаңғырып, Санамызда жатталғаны – заңдылық. Ата берсін арайланып, нұрланып, Азаттықтың аппақ таңы мәңгілік!

Дидар ӘМІРЗАҚ, Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенті

Қара көз қыздар, Тайғанақтаған көк мұзда, Елім деп жүрген ұрпақсыз қалды көп қыздар.

Байқамай құлап шалынысқандай бақ-құздан, Ой, пәлі-әй, жылап жалын ұшқандай ақ сыздар.

Ол күні біздер, қазір тап сіздер жоқсыздар.

Алғысымды айтам әруақтарға шетінен, Тірі кезінде орден алмай-ақ кетіп ең?! Сен қорғап бердің көк көзден алтын бірлікті,

Қайтадан алып қоя ма деймін өкінем?.. Қазақстанның төрінде жүрген біздерге, Көрінде жатып лағнет айтпа өтінем!

Досбол НҰРЫЛЛА, Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенті

Дос туралы әдебиетте жиі жазылады. Көпшілік адамдар арасындағы адалдықты, ұзақ жылдарға созылған жолдастықты арқау етеді. Бірақ бүгін мен жазғалы отырған көйпекер – көп достың бірі емес, мен үшін бар болмысымен қымбат, қайта келмес бауыр.

Асылбек – менің бала кезден бірге өскен досым. Екеуіміз бір перзентханада дүниеге келгенбіз. Тіпті екеуіміздің туған күнімізде бір күн ғана айырмашылық бар-тұғын. Биыл ол да 18 жасқа толатын... Бірақ оның бұл дүниеден өткеніне тура бір жыл болды. Досымның туған күні қарсаңында екеуіміздің қызықты оқиғаларымызды естелік ретінде жазғым келді. Бәлкім, газет оқырмандарының арасындағы достықтың нығайуына әсері болар.

ЖАҢБЫРДАН КЕЙІНГІ СӨТ

Біздің ауылдың жері сазды, сондықтан жаңбыр жауғанда су жерге сіңбей көлшікке айналады. Кішкентай кезімізде сол шалшық суга ойнағанды барлық бала жақсы көретін. Асылбек екеуіміз «Кім велосипедпен көпшілікті ар жағына бірінші шығады?» деп жарысатынбыз. Бірақ, неге екені белгісіз, мен

үнемі судың ортасында тұрып қалатыным. Сол кезде Асылбек қол жаппа, көпшіктен әулірімдеп шығатынбыз. Үстіміз су-су. Үйге барғанда сол үшін ата-анамыздан ұрыс естеміз де, келесі жаңбыр жауғанда берін ұмытты кетеміз. Екеуіміз құрылысшылар сияқты болғмыз келіп, екі тастың ортасына балшық жағып, оны кептіріп отыратынымыз да бір қызық болатын. Сосын сабақтан қайтқанда құрғақ жермен жүрмей, лай суды шалпылдатып кешіп қайтқан ұнайтын. Қаншама рет мектеп киімімізді бүлдірсек те, біз үшін жаңбыр қуаныштың хабаршысы еді.

КҮЗДІҢ КӨНІЛДІ КҮНДЕРІ

Күз басталуға жақын қалса, сабақ оқу Асылбек екеуіміздің уайымымызға айналады. Он күн қалды, бір апта қалды деп жүріп, қалаға барып сабаққа керек заттар, киімдерді аламыз. Сосын ауылға келгеннен кейін бір-бірімізге заттарымызды көрсетіп, мақтанатынбыз. Ене-міне дегенше кітап та беріледі. Бірақ оны қуанып алғанымызбен, қуыптанғанымызбен, асығатынбыз. Екеуіміз де әр жыл сайын биыл

сабақ қиын болатын шығар деп ойлайтынбыз. Бірақ мектептегі пәндер біз ойлағандай қиын емес еді. Бұл да ойын баласына тән уайым шығар, мүмкін?! Күз кезінде Асылбек екеуіміз майысқақ ағаш іздеп, оны тапсақ жүйі байлап, жөбені қамыстан жасайтынбыз. Бірақ садақ жасағанымызды көрсе, үйдегілер аямай ұрсатын.

Садақты абайсызда кездеріне тигізіп алады деп қорқатын үлкендер. Біздің мақсат айқын – жасаған садағымызбен құс атамыз деп ойлайтынбыз. Бірақ ауылда қайдағы құс?! Атаң оғымыз төрт-бес метрге ұшып, кейін қайтады. Соның өзінде «менің оғым алысқа ұшты, құсқа тиіюіне аз ғана қалды» деп мақтанып жүретін едік. Екеуіміз жиі

ренжісіп қалсақ та, татуласуымыз тез.

ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ МӨЛ ҚЫЗЫҚ

Ауылдың қысы салқын болады. Сол үшін далаға көп шықпай, түс кезінде Асылбек екеуіміз бір-біріміздің үйімізге ойнайтынбыз. Ал қыстың жаймашуақ сәттерінде үйіміз қардан сырғанамаймыз, күресеміз, садақ атамыз. Садақ атып ойнау біз үшін қысы-жазы қалмайтын ойын түрі болатын. Қатты дауыл күндері мектепке бару біз үшін тауға шыққанмен бірдей еді. Алдыңнан үсірік жел борал тұрады. Барамын дегенше екеуіміз жолдағы үйлердің қуысына кіріп, ықтап алып мектепке әзер дегенде жететінбіз. Кейде мектептен қайтарда бір-біріміздің артымызға тығылып қайтатынбыз. Қыста темпешіктен шанамен сырғанаған да өте қызық. Бір күні Асылбектің үйінде компьютер ойнап отырдық, бірақ біраз уақыт өткен соң зеріге бастадық. Үй жағдайы қазыптан жерге күзде жаңбырдың суы жиналып, мұз болып қатып қалған еді. Екеуіміз далаға шыға сала мұздың жағна бардық. Күн жылы болса да, мұз қатты көрінді. Бір кезде мен

судың ортасына қарай жүріп көрімекші болдым. Бірақ орта тұсқа жете бергенде күміп етіп, мұз сынып кетпесі бар ма?! Құдай ондағанда су тіземе дейін ғана келді, бізден жағаға келдім. Аяқ киімдерім суды тегіп тастап, қайтадан киіп алдым. Менің әдісімді көрген Асылбектің інісі Бекнұр да мұз үстінде жүрген. Оның салмағы жеңіл, бірақ өзі шатапқу болған соң сеніріп жүріп, ол да мұзға түсіп кетті. Оны шығарамын деп жүріп, Асылбектің де үсті-басы су болды. Сонда мұздың терең болмағанына шүкір етемін. Әйтпегенде басқаша оқиға болар ма еді?! Қыстың күні су-су ағынымен үйге кіріп барсаң, енді қайта ойынға жібермейтіні белгілі. Сол үшін ағайымды кептіргеміз деп етігімізді шешіп, отынның үстіне жайып қойдым. Маманданды су болған шұлықтарымыз да отынның үстіне жайғасты. Жалаң аяқпыз, ал дала салқын. Қазір есіме түскенде күлім келеді, бірақ сол сәтте анам ұрсады-ау деп қорқытқан ғой.

P.S: Қасында үнемі бірге жүрген, сырғанды айтатын, бірге күліп, бірге мұңаңатын адамың кеткен кезде, оны ұмыта алмайсың. Уақыт Асылбексіз де өтіп жатыр. Бірақ бірге жүрген жол, бірге барған мектеп, дәп ойнап, садақ атқан жерлер досымды еске сала береді.

Нұрсұлтан ЖҰМАДИН, №82 Қаратөрен орта мектебінің оқушысы



Ф. Муратабаев атындағы орталық стадионда өрт сөндіру-құтқару спортынан «Қызылорда-2022» жазғы чемпионаты өтті.



ҚҰТҚАРУШЫЛАР СЫНҒА ТҮСТІ

Чемпионатқа 18 ерлер және 14 әйелдер командасы қатысты. Бақ сынауға 289 спортшы келген. Ең жас қатысушысы Батыс Қазақстан облысының спортшысы Елена Юлаева 2010 жылы туған. Ал ең үлкені Павлодарлық Александр Долголевец 49 жаста.

Жарыстың алғашқы кезеңі әйелдер арасындағы 100 метрлік кедергі арқылы жүгіруден өтті. Жалпыкомандалық есеп бойынша Нұр-Сұлтан қаласы 1-орын, Ақмола облысы 2-орын, Түркістан облысы 3-орынды иемденді. Жеке есеп бойынша 1-орынды Қостанай облысынан Айнур Бажева, 2-орынды Түркістан облысынан Айдана Тұрсын, 3-орынды Алматы қаласынан Оксана Дзюлба алды. Ол республика бойынша рекордты 16,60 секундта жаңартты.

Ерлер арасындағы 100 метрлік кедергі арқылы жүгіруден Нұр-Сұлтан қаласынан келген Петр Подгородецкий 1-орын, Қарағанды облысының атынан қатысқан Бауыржан Текенов 2-орын, Шығыс Қазақстан облысының намысын қорғаушы Ержан Шәріпханов 3-орын иегері атанды.



БАҚ беттеріндегі футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Магомед Адиев Ресейдің «Урал» командасын баптауды деген жаңалық жанкүйерлерді алаңдатып қойған еді.

АДИЕВ АУЫСПАЙДЫ

Алайда Қазақстан футбол федерациясының баспасөз қызметіне сұхбат берген Магомед Адиев бұл ақпараттың шындыққа жанаспайтынын айтып, ұлттық құрамадағы қызметін жалғастыра беретінін жеткізді. «Менің Қазақстан футбол федерациясымен жасаған келісімшартымын уақыты өлі аяқталған жоқ. Алда бізді маңызды екі ойын күтіп тұр. Сол себепті келісім аяқталмай, ешқандай кетпеймін. Ешқандай күмен келтірудің қажеті жоқ», – деді М. Адиев. Айтпа кетейік, Қазақстан ұлттық құрамасы қыркүйекте Ұлттар лигасы аясында елордада Беларусь құрамасын қабылдаса, сырт алаңда Өзбекстан футболшыларымен кездеседі.

Жылдам шахматтан (блиц) былтырғы әлем чемпионы Бибісара Асаубаева 2021 жылдың қорытындысы бойынша Азияның ең үздік шахматшысы атанды.



БИБІСАРА – ЕҢ ҮЗДІК ШАХМАТШЫ

Оған бұл марапатты Үндістанда өтіп жатқан шахматшылардың 44-ші олимпиадасы барысында 15-ші әлем чемпионы Вишванатан Ананд табыстады. Осылайша, ол бір жыл ішінде әлем чемпионы және әйелдер арасындағы Азияның 2021 жылғы үздік шахматшысы деген атаққа ие болды.

Асаубаева бақ сынап жатқан шахмат олимпиадасында Қазақстан әйелдер құрамасы тоғызыншы айналымда Болгария құрамасын 3:1 есебімен жеңді. Бұл жеңіс Қазақстан әйелдер құрамасына кестеде үшінші орынға көтерілуге мүмкіндік берді.

Бетті дайындаған: ЕШӨРІБЕК

– Мақсат, әңгімені ел кубогынан бастайықшы. Футбол жанкүйерлері Бірінші лига өкілінен мұндай көрсеткішті күтпеді...

– Иә, оныыз рас. Спортта сенсация көптеп орын алады. Әсіресе, футболда. Бірінші лига командалары арасынан талдықорғандық «Жетісу» және біз топтық кезең жолдасмын жеңіп алдық. Іріктеу ойындарының барлығын жеңдік. Жеребеге сәйкес «Қызылжар», «Каспий», «Ақжайық» командалары түсті. Үшеуі де премьер лигада өнер көрсетеді. «Қызылжар» быыл конференция лигасында ел намысын қорғап жүрсе, «Каспий» ел кубогын жеңіп алуға үмітті команданың бірі. «Ақжайық та» осал емес. Жақында ғана білікті бас бапкермен толықты. Сондықтан көбі «Қайсарды» зүтсайдыр санағаны белгілі. Алғашқы ойыннан-ақ жігіттер мінез көрсетіп, жеңіске жетті. Сол қарқынмен сырт

– Ел кубогында негізгі ойыншыларға қарағанда қосалқы құрамның футболшылары алаңға көп шықты. Бұл бапкердің тактикасы ма?

– Қазір құрамдағы барлық футболшыға ойын практикасы қажет. Сол үшін ел кубогы тәжірибе алаңы сынды деп есептесе болады. Команданың кенжесі Ислам Әбілқасовтың өзі дабыт жасап, ойынға араласуға мүмкіндік алды. Бұл футболшының әрі қарай сенімді ойнауына мүмкіндік береді. Бір жағынан жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін барлық позицияда бәсекелестік қалыптасу керек. Бұл жағы «Қайсарда» бірте-бірте реттеліп келе жатыр. Алаңға барлығын шығарсаңыз да үмітті ақтайды. Оның бір дәлелі

матчтарға дайындық жұмыстары қалай?

– Тамыз және қыркүйек айларында күнтізбемізде жауапты матчтар күтіп тұр. 14 тамызда «Қызылжармен» ел кубогындағы топтық кезеңді аяқ-

футболдан ел кубогының топтық кезеңі бітуге таяды. Бұл сәтте «Қызылжар» мен «Каспий» бірінші лига ойындарында 10 ұлан еңшілдеген «алаң қасықтарын» сенсациялық нәтижеге қол жеткізіп, мүмкіндігінше ойынға қатысқан. «Қызылжар» командасында қандай да бір өзгеріс болмағандықтан клубтың алдағы жоспарын тасақ,

20 тамызда біріншіліктің ойындарын бастаймыз. 31 тамызда ширек финалда өнер көрсетсек, 3 қыркүйекте

Мақсат Байжанов, «Қайсар» футбол клубының капитаны:

«ФУТБОЛ СЕНСАЦИЯДАН ТҮРАДЫ»

алаңда «Қызылжар» мен «Каспийды» ұтып, ел футболына елеулі жаңалық енгіздік. Жеңіс бар жерде жеңіліс те бар. «Каспийге» өз алаңымызда минималды есеппен жол бердік. Ал 5-турда Оралда 2-2 есебімен тең ойнап, мерзімінен бұрын топтан шықтық. Бұл бір жағынан тарихи жағдай. Өйткені «Қайсар» Бірінші лига командалары арасынан ширек финалға өткен алғашқы ұжым.

Қазақстан кубогындағы «Қайсардың» нәтижесі. – Кубоктан бөлек премьер-лига жолдасмыз үшін талас қыза түсуде. Быылғы жоспар да мықты командалардың арасына қайта қосылу. «Қайсардың» жоғары мақсатқа жетуге мүмкіндігі қандай? – Біріншілікте мына команда фаворит деп қарсу әбестік болар. Кез келген ұжым сауатты ойнаса, ұлай

еншілей алады. Сондықтан барлығына бірдей қарағанымыз абзал. Ал «Қайсардың» премьер лигаға шығуға қауқары толыққанды жетеді. Сол үшін басшылық тарапынан болсын, футболшылар тарапынан болсын тынымсыз тірілік жасалуда. – Алда жауапты матчтар келе жатыр. Қазақстан кубогын есепке алмағанда «Оқжетпес», «Қыран» секілді басты қарсыластармен күш сынасамыз. Маңызды

«Оқжетпеспен», 11 қыркүйекте «Қыранмен» шеберлік байқасамыз. Осы уақыт аралығында көп күш жұмсайтынымыз анық. Сондықтан жаттығу жұмыстарында физикалық бағытта жұмыс істеуге тырысып жатырмыз. Дайындық жаман емес. Командадағы әріптестердің барлығы алдағы ойындарға сакадай сай десем болады. Бастысы кателікке бой алдырмай, жеңіске жетіміз керек.

Елордада дзюдодан Азия чемпионаты өз мәресіне жетті. Сары құрлықтың ең үздік балуандары төрт күн бойы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы «Жөкпе-жек» спорт көшенінде бақ сынады. Айтулы аламанға Азияның 19 елінен келген 200-ден аса дзюдошы жүлделерді сарапқа салды.

Ал ел құрамасы 18 спортшысын байгеге қосып, бір алтын, екі күміс және бес қола медаль жеңіп алды. Дзюдодан Қазақстан құрамасының бас бапкері Нұрбол Сүлейменов өткен жарыстардың қорытындысы бойынша Азия чемпионатына қатысатын балуандарды іріктен алды. Олардың қатарында әлем чемпионатының жүлдегерлері Ғұсман Қыргызбаев (66 кг) пен Ерлан Серікханов (66 кг), Азия чемпионатының үш дүркін жүлдегері Ислам Бозбаев (-100 кг), Хорватиядағы Grand Slam жарысының жеңімпазы Мағжан Шамшадин (60 кг) және Grand Slam бәсекелерінің жүлдегері Бауыржан Нарбаев (60 кг) бар.

Жерлестеріміздің арасынан ең тәуір нәтижеге 73 келіде бақ сынаған Данияр Шамшаев қол жеткізді. Ұлттық құрама сапына жуырда ғана қосылған балуан ересектер арасындағы алғашқы Азия чемпионатына қатысып жатқанына қарамастан барлық қарсыласын жеңіп алды. Азия чемпионатының 73 келі салмақтағы алғашқы алтынды Бұған дейін Дидар Хамза мен Жансейіт Смағұлов жүлдегерлер қатарынан көргенімен, бірде-бір балуанымыз бұл салмақта топ жара алмай келе жатқан еді.

42 секундта жеңсе, жартылай финалда биыл ғана жастар арасындағы Азия чемпионатында топ жарған қырғыз балуаны Чынгызхан Сағалиевті 31 секундта тізе бүктірді.

Ал 100 келіге дейінгі салмақта белдескен Ислам Бозбаев бас жүлдеге сынық сүйем қалғанды сүрініп, күміс жүлдені қанағат тұтуға мәжбүр болды. Ислам финалда биылдан бастап

Бауыржан Нарбаев (60 кг), Ерлан Серікханов (73 кг) пен Әділ Оразбаев (+100 кг) іріктеу кезеңдерінен өріге аса алмады.

Қыздар арасындағы балуандар бәсекесінде небәрі екі дзюдошымыз ғана жүлдегерлер қатарынан көрінді. Былтыр Қырғызстанда ұйымдастырылған Азия чемпионатында күміс алған (48 келідегі) отандасымыз Әбіба Абужақынова биыл да сол мекеден көрінді. Жартылай финалда ол бірер ай бұрын Монғолияда өткен Grand Slam бәсекесінде жеңген моңғол балуаны Наранцацз Ганбаатардан тағы да басым түсіп, финалға жолдама алған еді. Алайда

алтын жүлде үшін өткен бәсекеде Әбіба жапониялық Уакана Когадан айланып асыра алмады. Ал 78 келіге дейінгі салмақта сыңға түскен Арнау Жангелдина жұбанш белдесуінде тайбылық Лю Шинді жеңіп, Азия біріншілігінің қола жүлдегері атанды.

Осылайша, төрт күнге жалғасқан Сары құрлық біріншілігінде сегіз медаль олжалаған ел дзюдошылары жалпыкомандалық есепте төртінші орынға табан тіреді. Бас жүлдені Жапония балуандары жеңіп алды. Олардың еңшілде 9 алтын, 3 күміс жүлде бар. Екінші және үшінші орынға Монғолия (2 алтын, 5 қола) және Өзбекстан (1 алтын, 2 күміс, 6 қола) құрамалары жайғасты.

АЗЮДО: САРЫ ҚҰРЛЫҚТАН



СЕГІЗ МЕДАЛЬ БҰЙЫРАДЫ

Финалда оның жолы Өзбекстанның белділі балуаны, жыл басында Португалияда ұйымдастырылған Гран-при жарысының жеңімпазы Муроджон Юлдашевпен қиысты. Данияр бұл бәсекеде де зартық күш жұмсамай, бар-жоғы 34 секундта-ақ қарсыласының жауырынын жер іскетті.

Бұл – Азия чемпионаттары тарихындағы Қазақстанның 73 келі салмақтағы алғашқы алтынды. Бұған дейін Дидар Хамза мен Жансейіт Смағұлов жүлдегерлер қатарынан көргенімен, бірде-бір балуанымыз бұл салмақта топ жара алмай келе жатқан еді.

Біріккен Араб Әмірліктерінің атынан сыңға түсе бастаған ингушиялық Джафар Костоевтан ұтылып қалды. Бұған дейін 90 келіде өнер көрсеткен Ислам Бозбаевтың бұл 100 келідегі алғашқы ірі жарысы. Ол жарыстан кейін финалдағы жеңілісін жаңа салмаққа өлі бой үйретпегенімен және күшін дұрыс жұмсай алмағандығымен байланыстырды.

Бапкерлер мен жанкүйерлер ерекше сенім артқан Мағжан Шамшадин (60 кг), Ғұсман Қыргызбаев (66 кг), Дидар Хамза (90 кг) және Нұрхұлан Шархан (-100 кг) қола жүлдені қанағат тұтуға мәжбүр болды. Өкінішке қарай,

Кинематография тың тыныс алып, технологиялар мен әдіс-тәсілдер көбейген, түсірем деген адамның «бетін қақпай, белін буатын» кезеңде көптің тағамынан шыға алатын туындылар азая түскендей. Мұндайда «Дыбыссыз кино – өнердің ең таза түрі. Ол, әрине, кейіпкердің дауысын бізге жеткізе алмайды. Бірақ бұрын фильмдерге тек дыбыс жеткілісіз болса, оны енгізу арқылы кинематографтың жетістіктерін жоғалттық» деген Альфред Хичкоктың сөзі еріксіз ойға оралады.

КИНО ҚАЛАЙ ТҮСІРІЛДІ?

Дыбыссыз кинематографтың пайда болуынан бұрын зоотроп, фенакистископ, супракископ, стробоскоп сияқты қозғалмалы сурет салудың әртүрлі технологиясы ойлап табылды. XIX ғасырдың бірінші жартысында фотография болмаса, қолданыстағы заттардың қозғалмалы бейнесін жазу және ойнату мүмкін емес еді. Нәтижесінде бірнеше секунд ішінде экспозициялармен жедел сурет түсіруге мүмкіндік болды.

1895 жылы 13 ақпанда ағайынды Люмьерлер «кинематограф» аппаратына патент алады. Бұрынғыдан басты айырмашылығы – жаңа құрылғы фильмдерді экранда үлкен аудиторияға көрсетуге мүмкіндік берді.

Кинематографтың тусуәскері 1895 жылы 22 наурызда Париждегі Ренн көшесіндегі 44-үй-дің

Адам-затты материал-дық тұрғыдан алға жылжытқан өнертапқыштар болды. Басқа салалар сынды кино өнерінің жетістіктеріне де өз ғасырдағы жаңа көзқарастар себепкер. Соның ішінде дыбыссыз фильм – қазіргі кино тарихының бастауы. Себебі алғашқы туындылар үнсіз жасалған.

залында өтті. Сол жылдың 28 желтоқсанында Капучинок бульварында алғашқы коммерциялық киносеанс

өтті. Онда әрқайсысы бір минутқа созылатын 10 фильм көрсетілген. Алғашқы қоғамдық киносеанстан түскен табыс 35 франкті ғана құраған. Бірақ келесі күні жаңалықтан құр қалғысы келмеген қауым жаппай кезекке тұрды.

АЛҒАШҚЫ ФИЛЬМ

Қажетті технологиялар ойлап табылғаннан бастап қазіргідей сан боюлы кино пайда болғанға дейін дыбыссыз туындылар фильмнің жалғыз түрі болды. Кинокартиналардың дыбыстық сүйемелдеуі ретінде оркестрдің орындауында жанды музыка қолданылды. Бүгінгі таңда сол дәуірде жасалған үнсіз фильмдердің 25 проценттен астамы сақталған.

Мылқау кино дәуірінің тусуәскері 1896 жылы 6 қаңтарда ағайынды Люмьерлердің өйгілі «Пойыздың Ла Сьота станциясына келуі» туындысы еді. Айта кету керек, осыған дейін ағайындылар жиырмаға жуық фильм түсірген. Тек пойыздың келуі туралы туынды үлкен резонанс тудырды.

Тұңғыш фильмдерде баяндалатын оқиға таспаға түсіріліп, бір-бірімен астана жазылған мәтіндер арқылы ғана жалғасты. Кинода дыбыс болмағандықтан, актерлер сөйлейтін сөздің орнын театрылық шебер ойынымен, бейнелі йммен толықтырды. Дыбыстың болмауы диалогтардың жоқтығын білдірмейді. Кейіпкерлер өз образына еніп, сөзсіз сөйлей алуы керек еді.

1920 жылдарға карай

дыбыс беретін құрылғылар жүзеге асқан тұста кино кейіпкерлеріне сөйлеу

қажеттілігі туындады. Алайда дыбыстық фильм пайда болғаннан кейін бірнеше жыл ішінде режиссерлер мен актерлер «үнсіздік дәуіріндегідей» әсер тудыра алмады.

ӨЗГЕРІСКЕ СЕБЕП

Аталған тарихи кезеңдерде кино жасау үшін қолданылатын технологиялар қазіргі кездегінен мүлдем өзгеше болғаны бәрімізге мәлім. Мәселен, ол кезде сыпырылған ұшатын баланы елестету мүмкін емес еді. Дегенмен «қос экспозиция» деп аталатын техниканың арқасында мұндай әсерге алғаш 1898 жылы Г.А.Смит қол жеткізді. Фильмді көруге бұрыш қосу үшін қозғалысты тоқтату сияқты басқа әдістер де қолданылды. Фильмнің үздіксіздігі, байау қозғалыс, анимация – қазіргі заманғы кино өндірісінің негізіне айналған көптеген әдіс дыбыссыз кино дәуірінде ойлап табылған.

Дыбыссыз кезең адамзатқа «Бен-Гур», «Он өсиет», «Цирк» сияқты танымал фильмдер сыйлады. Одан да бөлек туындылар көпшіліктің көңілінен шығып, жетістікке жеткенде, пьеса мен драмалардың танымалдылығы біртіндеп төмендей бастаған. Өз кезегінде мылқау кино ондаған жылдар бойы адамдарға қуаныш сыйлап, салалық жаңа өзгерістерге түрткі болды. Сонымен бірге Чарли Чаплин, Гарольд Ллойд және Перл Уайт сияқты таланттарды әлем дыбыссыз туындылар арқылы таныды.

ЕҢ БАЙ ҚАЙЫРШЫ

1908 жылы Чарли Чаплин Карно театрының актеры атанып, аз уақыт ішінде ең беделді әртіске айналады. 1910 жылы труппамен АҚШ-тағы қойылым кезінде оған кино-продюсер Мак Сеннеттің көзі түседі. Чарлидың ойынғаны ұнап, 1912 жылы әр-

тісті «Кистоун Фильм» студиясына шақырады. Студияға келе сала Чарли қолда бар киімнен қайыршының бейнесін жасап алады. Басында қалпақ, қолында визит-касы, екінші қолында асатаяғы, тұмсығы сүйір туфлимен мэтрдың алдынан шыға келеді. Бұл бейне мэтрға қатты ұнаптымыс. Бірақ актер тым жас болғандықтан, жасанды мұрт жабыстыруды жөн санайды. Кішкентай қайыршы көпшіліктің көңілінен шығады. Нәтижесінде қомақты қаржы алады.

Қайыршы Чарли аса «табысты» бейне болып, 1914 жылы ол аптасына 150 доллар жалақы алатын болған. Содан кейін 1500 алатын болды.

1917 жылы «Фест Нэйшнл Пикчерс» студиясы Чаплинмен 1 миллион долларға келісімшартқа отырды. Сөйтіп, 28 жасында Чарли Чаплин

Америкадағы мылқау киноның ең бай әртісіне айналады.

Чаплинге атақты, байлықты мылқау кино әкелді. Сондықтан дыбыстық кино дүниеге келгенде, ол не істерін білмеді. Өзінің сүйікті мылқау киносын музыкамен өрлеп түсіре берді. 1931 жылы «Үлкен қаланың оттары» атты авторлық кинотуындысы шықты. Қаңғыбас пен гол сатушы қыздың махаббаты туралы әсерлі хикаяның дүбірі жер жарды. 1952 жылы Софи Лорен мен Марлон Брандо түскен «Гонконгтен келген графиня» атты фильмі түрлітүсті болып жарық көреді. Бұл – оның соңғы туындысы. Сол жылдары Чарли Чаплин өзі ойнаудан бас тартып, кино әлеміне режиссерлік қырынан ене түскен еді.

Дина БӨКЕБАЙ

JULDYZ - JORAMAL

(11 – 17 тамыз)

Тоқты
Апта жағымды жаңалықпен қуанышты оқиғадан басталады. Уақытыңызды жаңалықтарға арнау үшін жұмыс барысында қиын жауапкершілік артадан аулақ болыңыз. Күнделікті жоспарды қадағалап, өткен күнді ой елегінен өткізуді әдетке айналдырыңыз.

Торпақ
Сізді жұмыс барысында сәтті кездесу мен табысты шешім күтіп тұр. Осы уақытқа дейін көп күш жұмсаған істі де абыроймен аяқтайсыз. Бастысы өзіңізге және болашаққа деген сенімді жоғалтпаңыз. Апта бойы көңіл-күйіңіз көтеріңкі жүреді.

Егіз
Жаңа аптада керемет мүмкіндік күтіп тұр. Жұмыс арада өзіңіз жоспарлаған саяхатқа жолға шығарыңыз. Сол үшін өз саланыңда белсенділікті арттырып алсаң. Аптаның екінші жартысында кейбір жаңалыққа қатысты ойыңыз өзгеріп, жаңы адамдардың өмірін жақсартуға улес қосарсыз.

Шаң
Аптаның өр күні сізді ерекше қуантады. Жаңалықтарыңа тарапынан жақсы жаңалық естіп, үнемі көтеріңкі көңіл-күймен жүресіз. Сондай-ақ достарыңызбен тату қарым-қатынас орнатуда сәтті апта болмақ. Қаржы мәселесі де тез арада шешімін тауып, жаңа бастамаларға ден қоясыз.

Арыстан
Бұл аптада шығын көлемі азайып, біршама қарыздан құтыласыз. Жоспарыңызға қатысты өзгеріс енгізсеңіз, қолға алған жаңа жобаның нәтижелі болмақ. Бастысы ұсақ-түйекке көп мән бермей, ірі жобаларға көңіл бөліңіз.

Бикеш
Күтпеген кездесулер орын алып, іскерлік қарым-қатынастағы шаруа оңайланбақ. Сол үшін басыңыздан өткен жағдайды дұрыс бағамдаңыз. Аптаның жарың тустарың қызықты өткізсеңіз, көмескі тустары сізге кері әсер етпейді. Өр күнді жақсылықпен әсемдеп, қуанышты өткізуді өз қолыңызда екенін ұмытпаңыз.

Таразы
Аптада көптен армандаған тілегіңіз орындалады. Өзіңізді бақытты сезініп жүресіз. Бұрын қолға алуды қайырмаған істерді қайта жандандыруыңыз мүмкін. Өрі жаңадан көсіп бастап, тұрғындарға қуаныш сыйлауға сізге орайлы мүмкіндік туып тұр.

Сарышаан
Шығармашылық қабілетіңізді көрсететін орайлы уақыт туып тұр. Өте маңызды істе жолыңыз болады. Ол үшін уайымға берілмей, тек сол іске ден қойыңыз. Қаржылық мәселе де жылдам шешіледі. Бастысы шынайы қалпыңызды жоғалтпаңыз.

Мерген
Апта жаңа таныстық үшін өте қолайлы болмақ. Жаңыңызға жақын жәнімен алдағы күндерге жоспар құраңыз. Осы тұста кедергілі жаңа жолды ашатын адамдар пайда болады. Бастысы отбасыңызға көңіл бөлуді ұмытпаңыз.

Тауешкі
Ұсақ-түйекке бола жүйкеліңізді жұқартпаңыз. қиындықтың барлығы аз уақыттың ішінде шешімін табады. Бұл аптада сәтті қадамдар жасалады. Таңғаларлық оқиға, күтпеген жағдайлар орын алуы мүмкін. Соның өсерінен көптеген адамға басқа көзқараспен қарай бастайсыз.

Сүкүйгіш
Позитивке толы уақыт жетті, сондықтан күтпеген қиындықты тез өрі оңай шешесіз. Ұнығыңыз түспесін. Бастысы өзіңіз дұрыс деп тапқан жолдан айырмаңыз. Көптеген адамға жақсы әсер қалдырып, олардың өміріне өзгеріс әкелудің бек мүмкін.

Балық
Апта біршама қызықты идеяға толы болады. Оны тезірек жүзеге асыруға тырысыңыз. Үлкен нәтижеге қол жеткізу үшін көп еңбектену қажет. Ал бұл апта іскерлік байланысты нығайтуға қолайлы.

Кезекші редактор: Д.БӨКЕБАЙ

АҚМЕШІТ жастары			Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.	БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРБАЕВ	Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10	Газет өр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел.: 8 17242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 17242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
	БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ	Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz	
			Таралымы: 7413 Тансырыс: 1328